*«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» КММ*

Бекітемін
Мектеп директоры Б.Алимкулов

# *Құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары*

## *2025-2026 оқу жылы*

Орындаған ДТІЖО: С.Базарбеков

CamScanner көмегімен сканерленген

Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру; ата-аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру.

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарын құру,бекіту | Тамыз | ДТІЖО | Жоспар |
| 2 | Мектептегі тәрбиесі қиын немесе қиынға бейім оқушыларды, жайсыз отбасыларды анықтап есепке алу. | Қыркүйек | ДТІЖО Мектеп инспекторы | Құжат |
| 3 | Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын тексеру | Үнемі | ДТІЖО | Сабаққа қатысуын белгілеу журналы |
| 4 | АІІБ-нің КТІЖБ қызметкерлерімен байланыс орнату | Үнемі | ДТІЖО | Байланыс орнату |
| 5 | Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды анықтау, тізімін жасау | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог | Құжат |
| 6 | «Оқушылардың міндеттері мен құқығы» бұрышын жабдықтау | Қыркүйек | ДТІЖО | Бұрыш жабдықтау |
| 7 | Әкелер кеңесін құру, бекіту | Қыркүйек | Мектеп әкімшілігі | Хаттама |
| 8 | Ата-аналар жиналысы. «Мектепке алып келуге тыйым салынған заттар» тақырыбында баяндама | Қыркүйек | Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші | Хаттама сурет, ӘЖ жариялау |
| 9 | « Қылмыс жасау білместік пе?» тақырыбында профилактикалық әңгіме | Қазан | ДТІЖО Мектеп әкімшілігі | Хаттама, сурет,ӘЖжариялау |
| 10 | Кәмелетке толмаған балалардың кешкі сағат 22- ден кейін ата-аналарсыз жүрмеуін , ойын-сауық мекемелеріне бармауы жайлы оқушылар және | Қазан | ДТІЖО Мектеп әкімшілігі | Хаттама, сурет,ӘЖжариялау |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу | | | |
| 11 | ҚР жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық Заңнамаларымен танысу | Қараша | ДТІЖО Мектеп инспекторы | Хаттама, сурет,ӘЖжариялау |
| 12 | «Қатыгездік қайдан шығады?» тәрбиесі қиын немесе қиынға бейім оқушылармен жеке әңгіме, кездесу ұйымдастыру | Жыл бойы | ДТІЖО Мектеп инспекторы | Хаттама, сурет, ӘЖ жариялау |
| 13 | Сабақтан көп қалатын және тәрбиесі қиын оқушыларды жеке бақылауға алу. | Жыл бойы Үнемі | ДТІЖО Мектеп инспеторы | Анықтама |
| 14 | Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында діни экстремизм, терроризм алдын алу үгіт-насихат жұмыстарын( кездесу, дөңгелек үстел, диспут) ұйымдастыру | Желтоқсан | ДТІЖО Мектеп инспекторы | Хаттама Сурет, ӘЖ жариялау |
| 15 | Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сауалнама алу | Желтоқсан | Мектеп психологы | Анықтама |
| 16 | Ата-аналар жиналысы. «Ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында баяндама | Қаңтар | Мектеп әкімшілігі Мектеп инспекторы Ата-аналар Сынып жетекшілер | Хаттама Сурет ӘЖ жариялау |
| 17 | «Темекі, ішімдікке қарсы күрес» тақырыбында кездесу өткізу (7-10 сыныптар) | Жыл бойы | ДТІЖО Мектеп инспекторы Мектеп исихологы | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 18 | Жасөспірімдерді сабақтан тыс кезінде бақылау мақсатында | Жыл бойы | ДТІЖО Мектеп инспекторы Сынып | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түнгі мезгілде мұғалімдермен бірлесе рейдтер ұйымдастыру | | жетекшілер | |
| 19 | Әкелер кеңесі. «Әке-мәртебелі мамандық» тақырыбында жиналыс өткізу | Ақпан | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Мектеп психологы | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 20 | «Жасөспірім және заң» тақырыбында кездесу ұйымдастыру (5-9 сыныптар) | Ақпан | ДТІЖО Мектеп инспекторы Сынып жетекшілер | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 21 | Мектепішілік есепте тұратын тәрбиеленуі қиын баралар арасында эстафеталық ойындар өткізу | Ақпан | Педагог ұйымдастырушы Дене шынықтыру пәні мұғалімі | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 22 | «Қиын бала қайдан шығады?» тақырыбында АІІБ-нің қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру | Наурыз | ДТІЖО Мектеп инспекторы | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 23 | Есірткі, психотроптық және улы заттарды айналымға түсіру тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізу | Сәуір | Мектеп медбикесі | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 24 | «Біз тәртіпсіздікке қарсымыз!» (1-4 сыныптар) «Тәртіпке бас иген құл болмайды» (5-7 сыныптар) «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» (1-10 сыныптар) тақырыбында сынып сағаттарын өткізу | Сәуір | Сынып жетекшілер | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |
| 25 | Мектепішілік есепте тұратын құқық бұзушылыққа бейім балалармен жеке жұмыстар , психологиялық бақылау | Мерзімінде | Мектеп психологы | Анықтама |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және зерттеу жұмыстарын жүргізу | | | |
| 26 | «Ұрлық түбі- қорлық» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізу | Мамыр | ДТІЖО Сынып жетекші | Хаттама сурет ӘЖ жариялау |

CamScanner көмегімен сканерленген

2025–2026 оқу жылына арналған құқықбұзушылықтың алдын алу
оқушылармен жылдық жұмыс есебі

# I. Тәрбие және профилактикалық бағыттағы іс-шаралар

Жыл бойына кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен теріс қылықтардың алдын алу мақсатында төмендегідей іс-шаралар атқарылды:

1. «Қылмыс және жасөспірім», «Өзіне-өзі қол жұмсаушылықтың (суицидтің) алдын алу» тақырыбында 8–11 сынып оқушыларымен әңгімелер мен пікірталастар өткізілді.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оларды мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларына тарту жұмысы жолға қойылды.
3. МАИ қызметкерлерімен бірге 1–4 сынып оқушыларына арналған «Жолда жүру ережесін сақтау – қауіпсіз өмір кепілі» атты сабақтар ұйымдастырылды.
4. Наркология орталығының дәрігерлерімен бірлесе отырып, «Зиянды әдеттердің жас организмге әсері» тақырыбында кездесу өтті.
5. «ЖҚТБ-ның алдын алу және онымен күресу орталығының» мамандарымен жасөспірімдер арасында ақпараттық-түсіндіру кездесулері өткізілді.
6. ІІБ өкілдерімен бірлесе отырып, «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» бағытында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
7. Мөлтек аудан бойынша базарлар, ойынханалар, би алаңдары және түнгі демалыс орындарына рейдтер ұйымдастырылып, жасөспірімдердің кешкі уақытта жүру жағдайы бақыланды.
8. Сабақтан жиі қалатын және себепсіз кететін оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді, ата-аналар шақырылып, түсіндіру жұмыстары атқарылды.
9. Мектептегі «Қыздар кеңесі», «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының жұмысы жанданып, олардың тәрбиелік іс-шаралары ерекше назарға алынды.
10. Оқушылар арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау, бірыңғай мектеп формасын сақтау тұрақты түрде бақылауға алынды.

CamScanner көмегімен сканерленген

" Ақбастау жалпы орта білім беретін мектеп" КММ-де жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ақпараттық кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге АПБ-нің ювеналды полиция тобының инспекторлары, полиция капитандары Жалғасбай Жұбаныш Бегжанұлы мен Әуелбек Сұлтан Бердалиұлы, мектеп әкімшілігінен педагог-психолог Г. Садвакасова, аға вожатый З.Жумагельдиева, әлеуметтік педагог А. Мусабаева сондай-ақ 7–11 сынып оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында төмендегі тақырыптар қозғалды:

- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары;

- Заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндіру;

- Мопед және көлік құралдарын басқару тәртібі.

Инспекторлар оқушыларға заң талаптарын сақтау, түнгі уақытта көшеде жүрмеу, рұқсатсыз көлік құралдарын басқармау бойынша түсіндірме жұмысын жүргізіп, өмірден алынған нақты мысалдар келтірді.

Оқушылар өз сұрақтарын қойып, құқықтық сауаттылықтың маңызын түсінді.

Мақсаты:оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, құқық бұзудың алдын алу және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу.



CamScanner көмегімен сканерленген







CamScanner көмегімен сканерленген







CamScanner көмегімен сканерленген